2024-2025 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі,тарихы мен тағылымының алтын сандығы» «Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті» «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру,кітап оқуға ынтасын арттыру мақсатында «Кітаппен жарқын әлемге» атты кітап оқу акциясы бойынша 3 «а» сынып оқушылары кітапханаға келіп ,балаларға арналған ертегілерді «Батыл түйе», «Алтын пышақ», «Түлкі мен кекіліктер», «Қасқырдың қамқорлығы», «Бұл дүниеде не қымбат» тағы басқа ертегілерді дауыстап оқыды.



Кітап !Ақылдың сөнбейтұғын шамшырағы
Білімнің сарқылмайтын бал бұлағы
Ашқанда –ақ өткен күнмен беттеріңді
Келер күн көз алдыма кеп тұрады.

«Кітап арқылы адамзат ақыл - ойының інжу маржанын бойына жинайды да ,оларды ұрпақтан - ұрпаққа жеткізеді»

№3Хромтау орта мектебінің кітапханасына келіп түскен жаңа кітаптармен таныс болыңыздар! «Танысыңыз,жаңа кітаптар!»

М.Әуезов «Абай жолы» 4 томдық, М.Әуез «Қазақ рухы», О.Бөкей «Қар қызы», О.Бөкей «Апамның астауы», Ә.Нұршайықов «Мәңгілік мазхаббат жыры», С.Қалиев «Ұқыпты бала»,Т.Жұртбай «Толық адам», «Қазақ және әлем халықтарының ертегілері» және балаларға арналған ертегі кітаптар келді.Келіңіздер,оқыңыздар,пайдалы дүние алыңыздар!



Кітап адам өміріндегі ең қажетті құндылық және ондағы білімді заман талабына сай жүйе арқылы бойымызға сіңіріп,сол арқылы өз-өзімізді тәрбиелей аламыз.Сондықтан көп кітап оқып,кітап жанашыры болуға шақырамыз. «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Танысыңыз ,жаңа кітап!» тақырыбында 4-6 сынып оқушылары кітапханаға келген жаңа әдеби кітаптармен,ертегі кітаптармен танысты.Жаңа кітаптар –оқырман игілігіне.



Құрметті жас оқырман!

Кітапханаға жаңа түсен әрбір кітап, ол көркем әдебиет болсын, энциклопедия ма әлде салалық әдебиеттерден тұрады ма, бұл жаңа кітаптар әр оқырман үшін рухани азық беретін баға жетпес құнды кітаптар болып табылады.

Бүгін «Балалар кітапханасы» өзінің жас оқырмандарына арнап даярлаған жаңа кітаптардың топтамасын ұсынып отыр.

«Библио-фрэштің» мақсаты: Оқырманды адамгершілікке тәрбиелеу үшін кітапханаға келіп түскен жаңа кітаптарға шолу жасау арқылы сіздердің білімге, кітап оқуға деген құлшыныстарыңызды оятып, кітаппен дос болуға шақыру. Шолу сіздерге жаңа және танымал кітаптардың құпия сырын ашатыны сөзсіз. Ендеше, алдарыңыздағы кітап көрмесіне қарап, «Балалар кітапханасының» қорына жаңа түскен кітаптардың ішіндегі бүлдіршіндерге арналған топтамасымен таныс болыңыз. Кітапханаға келген әр оқырман өзіне қажет кітапты таңдап оқи аладыЖас оқырман!

«Балалар кітапханасына» келіп, жаңа түскен кітаптарды оқуға шақырамыз!

Келіңіз, кітапхананың тұрақты оқырманы болыңыз!



4 «ә» және 6 «ә» сынып оқушыларының кітапханаға келген жаңа кітаптармен танысып,ертегі әдеби кітаптардан қысқаша оқып танысты.



өнер», «Ғылым мен білім 3Д форматында», «Ертегілер елінде» тақырыптарындағы қызықты кітаптармен таныстырып шолу жасады.



«Балалар кітапханасы» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру. Оқушыларды кітап оқуға деген ынтасын арттыру,көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге ,тіл байлығын арттыруға ықпал ету.Оқушыларды кітап оқуға ,оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру.Ертегілер арқылы жалпы дамуға ,рухани құндылықтарды бойына сіңіріп,маңызын ашу мақсатында «Кітаппен жарқын әлемге» тақырыбын кітап оқу акциясы ұйымдастырылды.2 «б» сынып оқушылары Бексары Айша «Күн ,ай мен әтеш»,Рүстем Дінмұхамед «Жақсылық пен жамандық», 1 «б» сынып оқушысы Жамбулов Дархан анасының оқып берген «Түлкі мен тырна» ертегісін тыңдады.Сонымен қатар оқыған ертегілері бойынша шағын қойылым көрсеткен сыныптар 3 «а» сынып «Қызыл сиыр», 4 «ә» сынып «Қаңбақ шал»,2 «в» сынып «Аю мен қояндар»



Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы.Ол ұрпақтан - ұрпаққа ауызша,жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі,тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті» Балалар бағдарламасы бойынша «Кітаппен жарқын әлемге» атты кітап оқу акциясы аясында 5 «ә» сынып оқушылары табиғат аясында өздеріне ұнаған ертегі кітаптарды оқуда.